

Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың болжамды тапшылықты жабу үшін электр қуатын құруға қатысу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 515 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 22 желтоқсанда № 18004 болып тіркелді.

"Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 70-33) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың болжамды тапшылықты жабу үшін электр қуатын құруға қатысу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министри

К. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 515 бұйрығымен
бекітілген

Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың болжамды тапшылықты жабу үшін электр қуатын құруға қатысу қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.04.2021 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың болжамды тапшылықты жабу үшін электр қуатын құруға қатысу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 70-33) тармақшасына сәйкес әзірленді және Тұлғалар тобының тізілімне енгізілген тұтынушылардың болжамды тапшылықты жабу үшін электр қуатын құруға қатысу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) нарық кеңесі – электр энергиясы мен қуаты нарығының жұмыс істеуін мониторингтеу жөніндегі қызыметті, сондай-ақ Заңда көзделген басқа да функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

2) тұлғалар тобының тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – уәкілетті орган қалыптастыратын және ресми интернет-ресурста орналастыратын Заңның 9-бабы 1-1-тармағының екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес бақылау болған жағдайда бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдары мен тұтынушылардың тізбесі;

3) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың болжамды тапшылықты жабу үшін электр қуатын құруға қатысу тәртібі

3. Заңның 15-1-бабының 8-тармағына сәйкес егер электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналып бекітілген болжамды теңгерімінде Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде немесе оның аймақтарының қандай да бірінде болжамның алғашқы бес жылы ішінде электр қуатының болжамды жабылмайтын тапшылығы 100 мегаваттан асатын болса, уәкілетті орган күнтізбелік отыз күн ішінде электр қуатының болжамды жабылмайтын тапшылығының туындауы туралы Нарық кеңесіне, Тізілімге енгізілген тұтынушыларға хабарламалар жібереді.

Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің аймағы генерациялайтын көздер өндірген электр энергиясын беруге кедергі келтіретін

техникалық сипаттағы шектеулер жоқ, электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімдерін өзірлеу тәртібіне сәйкес айқындалатын Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Электр қуатының жабылмайтын тапшылығы энергия тапшы аймақтарды Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің басқа аймақтарымен байланыстыратын электр беру желілерінің өткізу қабілеті ескеріле отырып есептеледі.

4. Заңның 15-5-бабының 6-тармағына сәйкес Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар мынадай формула бойынша Нарық кеңесі есептеген көлемде электр қуатын құруға қатысады:

$$K_{тек} = Y_{эк} * (\frac{ЖЖ_{жт}}{ЖЖ_{бж}}), \text{ мұнда}$$

$K_{тек}$ – Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың электр қуатын құруға қатысу міндеттемелерінің есептік көлемі;

$Y_{эк}$ – Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі немесе оның аймақтарының қандай да бірінде электр қуатының болжамды тапшылық көлемі;

$ЖЖ_{жт}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың ең жоғары жүктемесі;

$ЖЖ_{бж}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі жалпы ең жоғары жүктеме.

5. Заңның 15-5-бабының 8-тармағына сәйкес Заңның 15-5-бабының 6-тармағында көзделген Тізілімге енгізілген тұтынушылардың электр қуатын құруға қатысу міндеттемелері мынадай формула бойынша Нарық кеңесі есептеген, Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген, көтерме сауда нарығының субъектілері құрған электр қуатының шамасына тәмендетіледі:

$$K_{TK} = (Y_{эк} + KК_{жт}) * (\frac{ЖЖ_{жт}}{ЖЖ_{бж}}) - KК_{жт}, \text{ мұнда}$$

K_{TK} – Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың электр қуатын құруға қатысу міндеттемелерінің көлемі;

$Y_{эк}$ – Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі немесе оның аймақтарының қандай да бірінде электр қуатының болжамды тапшылық көлемі;

$КК_{жт}$ – Заңның 15-5-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарды орындау барысында Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме нарығының субъектілерімен құрылған электр қуатының көлемі;

$\text{ЖЖ}_{\text{жт}}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың ең жоғары жүктемесі;

$\text{ЖЖ}_{\text{бәж}}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі жалпы ең жоғары жүктеме.

Егер Қтк осында нөлге тең немесе теріс болған жағдайда, Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың міндеттемелері нөлге тең болады.

6. Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес, егер Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілерімен құрылған электр қуатының көлемі Қтктең немесе одан артық болса, Тізілімге енгізілген Тиісті тұлғалар топтарының қалған тұтынушылары электр қуатын құруға қатысадан босатылады.

7. Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес, егер Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған электр қуатының көлемі Моп-тан кем болса, Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар мынадай формула бойынша уәкілетті органның хабарламасы негізінде Нарық кеңесі есептеген көлемде Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес электр қуатын құруға қатысады:

$$K_{\text{бса}} = K_{\text{тк}} - \bar{K}K_{\text{тк}}, \text{ мұнда}$$

$K_{\text{бса}}$ – Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылар бірыңғай сатып алушыдан жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі;

$K_{\text{тк}}$ – Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың электр қуатын құруға қатысу міндеттемелерінің көлемі;

$\bar{K}K_{\text{тк}}$ – Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес көрсетілген талаптарды орындау барысында Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілерімен құрылған электр қуатының көлемі.

8. Бірыңғай сатып алушыдан электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемін Нарық кеңесі Тізілімге енгізілген тұтынушылар арасында мынадай формула бойынша бөледі:

$$K_{\text{бса1}} = K_{\text{бса}} * (\text{ЖЖ}_{\text{жт1}} / \text{ЖЖ}_{\text{жт}}), \text{ мұнда}$$

$K_{\text{бса1}}$ – Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылар бірыңғай сатып алушыдан жүктемені көтеруге электр

қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі;

$K_{бса}$ – Заңдың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылар бірыңғай сатып алушыдан жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі;

$\dot{ЖЖ}_{жт1}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды тенгерімін бекіту сәтінде Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушының ең жоғары жүктемесі;

$\dot{ЖЖ}_{жт}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды тенгерімін бекіту сәтінде Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың ең жоғары жүктемесі.

9. Заңдың 15-5-бабының 6-тармағында көзделген міндеттемелерді Заңдың 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-қимылдарды орындау арқылы орындау кезінде Тізілімге енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларға арналған орналастыру орнын (алаңқайды), отынның типі мен түрін осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарына сәйкес уәкілетті органмен келіседі.

10. Тізілімге енгізілген көтерме сауда нарығы субъектілерінің бірыңғай сатып алушымен және уәкілетті органмен реттеуші электр қуатын құруға қатысу, хабарламалар мен ақпаратты жіберу, реттеуші электр қуатын құруға шарттар жасасу және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шешімдер қабылдау мәселелері бойынша өзара іс-қимылы Заңдың 15-5-бабының 10-12-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Заңдың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген іс-қимылдарды орындау арқылы реттеуші электр қуатын құруға қатысу туралы шешім қабылдау кезінде, Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар мынадай формула бойынша Нарық кеңесі есептеген көлемде электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай сатып алушыдан сатып алады:

$$K_{бса} = K_{тк} - K\dot{ЖЖ}_{тк}, \text{ мұнда}$$

$K_{бса}$ – Заңдың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тізілімге енгізілген тұтынушылардың электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай сатып алушыдан сатып алу көлемі;

$K_{тк}$ – Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың электр қуатын құруға қатысу міндеттемелерінің көлемі;

ҚҚ_{ТК} – Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілерімен құрылған электр қуатының көлемі.

Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылар арасында электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемін бөлу осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жүргізіледі.

12. Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер өткізгеннен кейін және (немесе) аукциондық сауда-саттық өткізілгеннен кейін құрылған тұлғалар топтары Заңның 15-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес электр қуатын құруға қатысады.

Бірыңғай сатып алушыдан электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемін Нарық кеңесі осы Қағидалардың 8, 21-тармақтарына сәйкес есептейді.

3-тaraу. Тұлғалар топтарының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың болжанатын тапшылықты жабу үшін реттеуші электр қуатын құруға қатысу тәртібі

13. Заңның 15-1-бабының 9-тармағына сәйкес егер электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналып бекітілген болжамды теңгерімінде Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі немесе оның аймақтарының қандай да бірінде реттеуші электр қуатының болжамды жабылмайтын тапшылығы болжамның соңғы үш жылды ішінде 100 мегаваттан асатын болса, уәкілетті орган маневрлік генерациялау режимі бар реттеуші генерациялайтын қондырғылардың көлемдерін, пайдалануға беру мерзімдерін айқындауды және Тізілімге енгізілген тұтынушыларға реттеуші электр қуатының болжамды жабылмайтын тапшылығының туындағаны туралы Нарық кеңесіне хабарлама жібереді.

14. Заңның 15-5-бабының 6-тармағына сәйкес Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар мынадай формула бойынша уәкілетті органның хабарламасы негізінде Нарық кеңесі есептеген көлемде реттеуші электр қуатын құруға қатысады:

$$K_{\text{ретект}} = T_{\text{ретек}} * (EJZ_{\text{тұт}} / EJZ_{\text{БЭЖ}}), \text{ мұнда}$$

$K_{\text{ретект}}$ – Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың реттеуші электр қуатын құрудагы міндеттемелерінің есептік көлемі;

$T_{\text{ретек}}$ – Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі немесе оның аймақтарының қандай да бірінде реттеуші электр қуатының болжамды тапшылығының көлемі;

ЕЖЖ_{тұт} – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың ең жоғары жүктемесі;

ЕЖЖ_{БЭЖ} – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі жалпы ең жоғары жүктеме.

15. Заңның 15-5-бабының 8-тармағына сәйкес Заңның 15-5-бабының 6-тармағында көзделген, Тізілімге енгізілген тұтынушылардың реттеуші электр қуатын құру жөніндегі міндеттемелері мынадай формула бойынша Нарық кеңесі есептеген, Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген, көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған реттеуші электр қуатының шамасына төмендетіледі:

$$K_{тмрет} = (T_{ретәк} + СК_{реттұт}) * (ЕЖЖ_{тұт}/ЕЖЖ_{БЭЖ}) - СК_{реттұт}, \text{ мұнда}$$

К_{тмрет} – Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың реттеуші электр қуатын құрудагы міндеттемелерінің көлемі;

Т_{ретәк} – Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі немесе оның аймақтарының қандай да бірінде реттеуші электр қуатының болжамды тапшылығының көлемі;

СК_{реттұт} – Заңның 15-5-бабының 8-тармағында көрсетілген шарттарды орындау кезінде Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған реттеуші электр қуатының көлемі;

ЕЖЖ_{тұт} – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың ең жоғары жүктемесі;

ЕЖЖ_{БЭЖ} – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі жалпы ең жоғары жүктеме.

Егер Қтмрет нөлге тең немесе теріс болса, Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың міндеттемелері нөлге тең болады.

16. Егер Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған реттеуші электр қуатының көлемі Қтмрет-ке тең немесе одан көп болса, Тізілімге енгізілген Тиісті тұлғалар тобының қалған тұтынушылары реттеуші электр қуатын құруға қатысадан босатылады.

17. Егер Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған реттеуші электр қуатының көлемі Қтмрет-тен кем болса, Тиісті тұлғалар тобының

тізіліміне енгізілген тұтынушылар мынадай формула бойынша Нарық кеңесі есептеген көлемде Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес реттеуші электр қуатын құруға қатысады:

$$K_{\text{бсат}} = K_{\text{тмрет}} - CK_{\text{ретксн}}, \text{ мұнда}$$

$K_{\text{бсат}}$ – Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылардың электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай сатып алушыдан сатып алу көлемі;

$K_{\text{тмрет}}$ – Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың реттеуші электр қуатын құрудағы міндеттемелерінің көлемі;

$CK_{\text{ретксн}}$ – Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған реттеуші электр қуатының көлемі.

18. Бірыңғай сатып алушыдан электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемін Нарық кеңесі Тізілімге енгізілген тұтынушылар арасында мынадай формула бойынша бөледі:

$$K_{\text{бсат1}} = K_{\text{бсат}} * (EJK_{\text{тұт1}} / EJK_{\text{тұт}}), \text{ мұнда}$$

$K_{\text{бсат1}}$ – Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушының бірыңғай сатып алушыдан электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі ;

$K_{\text{бсат}}$ – Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылардың электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай сатып алушыдан сатып алу көлемі;

$EJK_{\text{тұт1}}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушының ең жоғары жүктемесі;

$EJK_{\text{тұт}}$ – электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін бекіту сәтіндегі Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың ең жоғары жүктемесі.

19. Заңың 15-5-бабының 6-тармағында көзделген міндеттемелерді Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-қимылдарды орындау арқылы орындау кезінде Тізілімге енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларға арналған орналастыру орнын (алаңқайды), отынның типі мен түрін осы Қағидалардың 22 және 23-тармақтарына сәйкес уәкілетті органмен келіседі.

20. Тізілімге енгізілген көтерме сауда нарығы субъектілерінің бірыңғай сатып алушымен және уәкілетті органмен реттеуші электр қуатын құруға қатысу,

хабарламалар мен ақпаратты жіберу, реттеуші электр қуатын құруға шарттар жасасу және электр қуатының өзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шешімдер қабылдау мәселелері бойынша өзара іс-қимылы Заңың 15-5-бабының 10-12-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген іс-қимылдарды орындау арқылы реттеуші электр қуатын құруға қатысу туралы шешім қабылдау кезінде, Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар мынадай формула бойынша Нарық кеңесі есептеген көлемде электр қуатының жүктемені көтеруге өзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай сатып алушыдан сатып алады:

$$K_{\text{бсат}} = K_{\text{к}_{\text{тұртret}}} - CK_{\text{реткс}}, \text{ мұнда}$$

$K_{\text{бсат}}$ – Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тізілімге енгізілген тұтынушылардың электр қуатының жүктемені көтеруге өзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай сатып алушыдан сатып алу көлемі;

$K_{\text{к}_{\text{тұртret}}}$ – Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылардың электр қуатының жүктемені көтеруге өзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай сатып алушыдан сатып алу көлемі;

$CK_{\text{реткс}}$ – Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған реттеуші электр қуатының көлемі.

Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Тізілімге енгізілген тұтынушылар арасында бірыңғай сатып алушыдан электр қуатының жүктемені көтеруге өзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемін бөлу осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жүргізіледі.

4-тaraу. Пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларға арналған отынды орналастыру орнын (алаңын), типін және түрін келісу тәртібі

22. Тізілімге енгізілген көтерме сауда нарығының субъектілері уәкілетті органға пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды орналастыру орнын (алаңын), отынның типін және түрін келісу туралы қолдаухатты осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз және электрондық жеткізгіштерде генерациялайтын қондырғылардың негізгі параметрлері туралы акпаратпен қоса береді.

23. Уәкілетті орган электр қуаты Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде немесе электр қуатының жойылмайтын тапшылығы болжанатын оның аймақтарының қандай да бірінде құрылатын жағдайда, тізілімге

енгізілген көтерме сауда нарығы субъектілерінің пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар үшін орналастыру орнын (алаңын), отынның типін және турін келіседі.

Тұлғалар тобының тізіліміне
енгізілген тұтынуышылардың
болжамды тапшылықты жабу
үшін электр қуатын құруға
қатысу қағидаларына
қосымша
Нысан

Генерациялайтын қондырғылардың негізгі параметрлері туралы ақпарат

1. Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-қимылдарды орындау арқылы осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген міндеттемелерді орындау шеңберінде іске асырылуы жоспарланатын іс-шаралармен қамтылатын электр станциясының атавы (атауы көрсетіледі).

2. Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-қимылдарды орындау арқылы осы Заңың 15-5-бабаның 6-тармағында көзделген міндеттемелерді орындау шеңберінде іске асырылуы жоспарланатын іс-шаралар туралы жалпы ақпарат*.

| № | Іс-шараның атавы | Іс-шараның басталу күні (ауы, жыл) | Іс-шараның аяқталу күні (ауы, жыл) | Берілетін негізгі генерациялайтын қондырғының техникалық параметрлері | |
|---|------------------|------------------------------------|------------------------------------|---|-----------------------------------|
| | | | | Белгіленген электр қуаты, оның ішінде реттеуші электр қуаты, (МВт) | Орнатылған жылу қуаты, (Гкал/сағ) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Алдағы жеті жылдық кезеңге арналған электр энергиясы мен қуатының бекітілген болжамды тенгерімінде ескерілмеген, істен шыққан электр қуатын және (немесе) реттеуші электр қуатын реконструкциялауды қоса алғанда, жаңа электр қуатын және (немесе) реттеуші электр қуатын салу

| | | | | |
|-----|--|--|--|--|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| ... | | | | |

Меншікті қолданыстағы электр қуатын және (немесе) реттеуші электр қуатын көңейту

| | | | | |
|-----|--|--|--|--|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| ... | | | | |

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері онға дейінгі нақтылықпен көрсетіледі.

3. Заңың 15-5-бабы 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген іс-шараларды іске асыруға дейінгі және кейінгі кезеңде электр станциясының (атауы көрсетіледі) жұмыс істеу параметрлері туралы ақпарат *

| | | |
|---|---|--|
| Белгіленген қуат, оның ішінде реттеуші қуат | Орташа жылдық колда бар қуат, оның ішінде реттеуші қуат | Босатуға шартты отынның үlestік шығысы** |
|---|---|--|

| № | Электр МВт) | (Жылу (Гкал/ сағ) | Электр (МВт) | Жылу (Гкал/сағ) | Эл е к т р энергиясының (гут/ кВтсағ) | Ж ы л у энергиясының (гут/ кгут/Гкал) |
|------------------------------------|----------------|-----------------------|--------------|-----------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Іс-шараларды іске асырғанға дейін | | | | | | |
| 1. | | | | | | |
| Іс-шараларды іске асырғаннан кейін | | | | | | |
| 2. | | | | | | |

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері онға дейінгі нақтылықпен көрсетіледі;

** - электр станциясының номиналды жұмыс режимінде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК